

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ МИНИСТРЛІГІ
ОРМАН ЖӘНЕ АҢШЫЛЫҚ ШАРУАШЫЛЫҒЫ КОМИТЕТІ
«Алтынемел» мемлекеттік ұлттық табиғат паркі



Экскурсиялық маршруттың ПАСПОРТЫ

№ 2 экскурсиялық соқпақ

№ 1 пост - Тайғақ шатқалы - «Таңбалытас»
тастағы суреттері - «Бесшатыр» қорғандары - №1
пост

Алматы, 2009 ж

«Бекітемін»
 ҚР Ауыл шаруашылығы Министрлігі
 Орман және аңшылық шаруашылығы
 комитетінің төрағасы
 Е. Нысанбаев
 2010 ж.

ТУРИСТІК МАРШРУТТЫҢ ПАСПОРТЫ

1. ЕҚТА атауы: «Алтынемел» мемлекеттік ұлттық табиғат паркі.
2. Маршрут атауы: № 2 экскурсиялық маршрут.
3. Маршрут жіктемесі:
 - 1) қозғалыс жасау түрі бойынша: жаяу жүріс, автомобильді;
 - 2) қолданыс уақыты бойынша: жыл бойы;
 - 3) ұйымдастыру нысаны бойынша: топтық және жеке;
4. №1 пост, «Тайғақ» шатқалы, «Теректі» шатқалы, Жантоғай, Бесшатыр.
(негізгі географиялық нүктелердің атауы)
5. Қашықтығы 82 км, аялдаманы ескере отырып, уақыт ұзақтығы 4 сағ 20 мин.
6. Маршруттың жұмыс істеу мерзімі: жыл бойы.
7. Топтағы адамдардың ең көп саны: 20- 30 адам күн сайын, аптасына 1-5 топқа дейін.
8. Экскурсия маусымының ішіндегі әртүрлі кезеңдер бойынша жол берілетін рекреациялық жүктемелер 30 адам күн сайын / 900 адам ай сайын. Сәуір, мамыр айында күніне 10 адам.
9. Маршрут арқылы экскурсия ұйымдастырушысының жүріп өту мүмкіндігі : Топ тек парктің жол сілтеушісімен бірге жіберіледі.
 Маршрут жолкөрсеткіштермен жабдықталған. Туристерге бас киім, аяқ киім және қолайлы спорттық киімдер алу керек.
10. Маршрутта жүріп-тұрудың ерекше ережелері
«Бесшатыр» саяқ қорғандары туристік нысанның көруге келген туристерге қорған төбесіне шығуға тиым салынады. Тастарға сурет салуға, от жағуға, қоқыс тастауға, туристік маршруттан шығып кетуге, рұқсат етілмеген жерлерге тоқтауға тиым салынған.
11. Қауіпсіздік шаралары: маршруттың объектілерін қарауға шыққанда туристер өздеріне қауіп тудыратын жағдайлардан сақ болу қажет. Мысалы: әртүрлі зиянды жәндіктер қарақұрт, жылан т.б.
12. Маршрутпен жүріп өту жоспары

р/с №	Маршрут учаскелері		Ұзақтығы, км	Қозғалыс уақыты	Аялдау уақыты	Тамашалау алаңының, суретке түсіру бекеттерінің №
	бастап	дейін				

1	№1 пост	Тайғақ шатқалы	6 км	20 мин	30 мин	№1
2	Тайғақ шатқалы	№1 пост	6 км	20 мин		
3	№1 пост	Петроглифтер	18 км	40 мин	30 мин	№2
4	Петроглифтер	Бесшатыр	20 км	40 мин	30 мин	№3
5	Бесшатыр	№1 пост	32 км	50 мин		
	Барлығы:		82 км	2 сағат 50 мин	1 сағат 30 мин	

13. Соқпақ (маршрут) сызбасы бар.

14. Шартты белгілер:

соқпақтар (маршруттар)

паналайтын орындар

сақтық нұсқалар

медициналық жәрдем бекеттері

түнеу орындары_

байланыс бекеттері (байланыс түрі көрсетілсін)

паналау орындары

15. Соқпақтың (маршруттың) қысқаша сипаттамасы (сипаты).

Табиғат парк территориясы Алматыдан 130 км жерде парктің №1 постынан басталады. №1 посттан 6 км жерде Тайғақ шатқалы және онда Тайғақ-1, Тайғақ-2 қонақ үйлері орналасқан. Шығыс бағытқа қарай 18 км ежелгі сақ тайпалары салған суреттер, аң стиліндегі петроглифтерді «Теректі» шатқалынан кездестіруге болады. Одан ары шығысқа қарай туристік маршрут Жантоғай кордоны арқылы өтеді. Мұнда қонақ үй орналасқан. Жантоғай кордонынан ары «Бесшатыр» сақ қорғандарын көруге болады. Қорғандар №1 посттан 32 км қашықтықта орналасқан. Қайтар жол кері бағытта автобуспен №1 постқа беттейді.

16. Соқпақ (маршрут) бойындағы және тамашалау (шолу) алаңдарындағы қарап-көру объектілерінің қысқаша сипаттамасы.

1. «Тайғақ» шатқалы. Шатқал аласа жоталардан басталып, сіздің алдыңызда бірнеше минуттардан кейін күлгін түстес таулы жартастар тұрады. «Тайғақ» шатқалында туристердің көретін объектілері таулы-жартастар, тастағы суреттер, қызыл кітаптық

жануарлар мен өсімдіктер, тау шатқалдарында темір ағашын, сәуір айының басында Қызыл кітапқа енген Альберт жауқазынын ал құстардан кекілік, бүркіт т.б. кездестіруге болады. Биік тау шатқалдарынан тау текені, яғни ерте замандарда осы тауларды мекендеген тау ешкілерін кездестіруге болады. Бұл жануарлар Қазақстанның Қызыл кітабына енген. «Тайғақ» шатқалында әрқайсысы 8 орындық сыйымдылығы 16 адамға арналған «Тайғақ-1», «Тайғақ-2» қонақ үйлері орналасқан. Ал шатқал ішіндегі серуендеу сізге ерекше әсер қалдырады. «Тайғақ» шатқалындағы жартастардан ежелгі суретшілердің тасқа қашап салған суреттері петроглифтерді кездестіруге болады. Олардың ішінде ең танымал болған, тайпа таңбалары, тау ешкілер мен арқар суреттері және садақшылардың аң аулау кездері. Тастарда Африкада ғана сақталған антилопа-бейза, Жоңғар Алатауында және Іле Алатауында өмір сүретін марал, сондай-ақ тас бетінде адамдарың топтасқан суреттері кездеседі. Жол жиегі таулы жартастар өте әдемі табиғат көрінісі.

2. Петроглифтер. Парк территориясындағы ежелгі ескерткіштердің ішіндегі ең қызықтысы «Теректі» шатқалында кездеседі. Мұнда әртүрлі стильде салынған арқар, тау ешкі суреттері кездеседі. Бұғы, түйе, садақпен аң аулау, салт атты адам, ит, тау ешкіге мінген адам, қобызға ұқсас музыкалық инструменттер тағы басқа көптеген суреттерді көруге, тамашалауға болады. Ерте замандарда түйені, бұғыны көлік ретінде пайдаланғанын осы суреттерден аңғаруға болады.

3. Жантоғай. «Жантоғай» қонақ үйі. Қапшағай суқоймасының жағалауында орналасқан. 5 адамға арналған балықшылардың аялдайтын қонақ үйі.

4. «Бесшатыр» сақ қорғандары.

Біздің эрамызға дейінгі VII-IV ғасырларда тиграхауд-сақтарының зират-қабырлары. Қорғандар шығыстан-батысқа 1 км, солтүстіктен-оңтүстікке қарай 2 км жерді алып жатыр. Бұл жерден 30-дан аса қорған табылған, оның ішінде 10-ы тастармен көмілсе, ал 20-сы топырақпен жабылған. Қорғандар үлкен, орташа, кіші болып бөлінеді. Патшалар мен оның көмекшілерінің қорғандарының диаметрі - 50-100 м, ру басылар мен әскерлердің қорғанының диаметрі - 30-40 м, қатардағы жауынгерлер мен жай адамдардың қорғанының диаметрі 15-25 м құраған Мұндағы ерекше үлкен қорған сақ патшасына арнап жасалған, үлкен патша қорғанының биіктігі – 17 м, диаметрі - 104 м құрайды. Айналасында 1,5 м биіктігі бар тас менгірлер патша рухын қорғау мақсатында орналасқан.

17. Соқпақтың (маршруттың) күрделі учаскелерінің қысқаша сипаттамасы. жоқ.

18. Ықтимал стихиялық құбылыстар мен олар орын алған кезде топтың іс-қимылы.

Парк территориясында туристерге қауіп тудыратын стихиялық құбылыстар кездеспейді.

19. Жолдамаға ақпараттық парақшаның мәтіні үшін ұсынымдар. Туристер парк территориясында аңдардың терісі, мүйізі, қаңқалары кездескен жағдайда оны алып шығуға рұқсат берілмейді. «Бесшатыр» сақ қорғандарының тастарын алуға тиым салынады. Ата-аналардан тау шатқалдарындағы тастарға балаларының жазу жазбауын қадағалауын парк әкімшілігі талап етеді. Жоғарыда көрсетілген талаптарды орындамаған жағдайда әкімшілік белгілеген мөлшерде төлемақы алынады.

20. Соқпақты (маршрутты) абаттандыру

Маршрут жол бойы карта-сызба, аншлаптармен, жолнұсқаушы белгілермен жабдықталған. Барлық аялдау және паналау орындары абаттандырылған.

21. «Алтынемел» мемлекеттік ұлттық табиғат паркінің ғылыми-техникалық кеңесінің «5» қараша 2009 жылғы №10 шешімі:

«Паспорт бекітіліп Ауыл шаруашылығы министрлігінің Орман және аңшылық шаруашылығы комитетіне бекітуге және Алматы облыстық орман және аңшылық шаруашылығы аумақтық инспекциясына келісуге жіберілсін».

Соқпақтың паспортын жасауға міндетті адамдар:

Экологиялық ағарту және туризм бөлімінің бастығы - Мұқамеденқызы Г

Туризм бөлімінің маман гид-аудармашысы – Ахметова Ш.К

21.Паспорт 2009 жылы 4 данада жасалды.

22. Өзгертулер енгізілді. 200__ж ____бетке.

200__ж ____бетке.

23. Паспорттың даналары

1. Ауыл шаруашылығы министрлігінің Орман және аңшылық шаруашылығы комитетіне

2. Балқаш Алакөл экологиялық департаменті

3. Алматы облыстық орман және аңшылық шаруашылығы аумақтық инспекциясына жіберілді

«Келісілді»



«Алтын Емел» МҰТП Бас директоры
С.Құрманалиев
« » 2009 ж.



Алматы облыстық орман және аңшылық
шағуарлығына аумақтық инспекциясы
бастығы
Ж. Дүйсенбеков.
« » 2009 ж.

Балқаш Алакөл экологиялық
департаментінің бастығы
К.А. Мәлібеков

« » 2009 ж.